

Ответ прост: государство стремится сохранить и приумножить наследие старых режимов, обеспечивая полную занятость населения кластерным подходом, как в столицах, так и в регионах. Оно старается как можно сильнее стимулировать малое семейное предпринимательство, составляющее удельный вес более 70% в этих отраслях. Ответственно подходя к своим историческим достижениям в хозяйстве, при сохранении культурной почвы старых ремесел и практик, турецкие малые предприятия производят весьма широкий ассортимент как стандартных, так и уникальных видов национального продукта, что дает турецкой экономике ряд экономических преимуществ. Ведь подобный подход во внутренней политике Турции трактуется прежде всего как национальная идея сохранения хозяйственной идентичности и культуры ремесел. При нем частнику будет легче добиться субсидирования из государственного бюджета, тогда как производители распространенной продукции несут более сильное налоговое бремя, которое опять же трактуется «гражданским долгом».

Государство видит в регионах не придатки для центра, а источник производственных мощностей. Ведь любое, пусть даже наиболее отдаленное расположение предприятия заставляет владельцев искать дополнительный доход, тем самым привлекая туристов и развивая рекреационную отрасль. А эти меры уже дают почву для роста всемирно известного турецкого сервиса. Здесь кстати также необходимо отметить, что работники сервисной сферы в Турции прекрасно социально защищены. Ни водитель, ни официант, ни садовник не считаются зазорными профессиями, и их четко защищенный государством трудовой статус не позволяет бывшим «феодалам - капиталистам» найти себе «раба» в новых условиях.

Кластерная система южных регионов нашей республики с её многовековыми связями может работать в таком же ключе: создать новый экспорт уникальной молочной продукции, хлопчатобумажного текстиля, восстановить старые промыслы мясного животноводства, улучшить фармацевтическую продукцию; поднять сервисную и рекреационную сферу, наладив культурно – паломнический туризм, реставрировав древние памятники, мавзолеи, бани и т.д. Но для этого, помимо самого экономического развития крайне необходима полноценная законодательная защита трудовых субъектов от возможных «байских» посягательств. Идея национальной гражданской экономики должна декларироваться государством со всеми вышеописанными положениями для достижения своей наибольшей эффективности. И не один экономический субъект в ней не должен ставить себя в гражданском аспекте выше других.

В заключение следует отметить, что только придерживаясь рекомендаций всех трех аспектов, можно ожидать положительных результатов. Без полноценного понимания всех их теоретико – практических особенностей, программа будет заранее обречена на провал. Только полноценная гражданская ответственность сможет заставить наш экономический курс быть твердым в эти кризисные времена.

Литература:

1. Назарбаев Н. План нации -100 конкретных шагов по реализации пяти институциональных реформ Главы государства, 2015
2. Бодрунов С.Д. Теория и практика импортозамещения: уроки и проблемы - СПб.: ИНИР им.С.Ю. Витте, 2015. – 171 с.
3. Панагарайя А. Чудеса и неудачи экономического развития: в защиту свободной торговли, доклад, 2005
4. Портал “Export. Gov.kz”. Обзор экономики Турции, 2013

Сатаболд А., академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, экономика факультеті, ФК-31 тобының студенті

(Ғылыми жетекшісі – аға оқытушы Ақанаева Т.А.)


МҰНАЙ ӘЛЕМДІК БАҒАСЫНЫҢ ОТАНДЫҚ ЭКОНОМИКАҒА ӘСЕР ЕТУІН ЗЕРДЕЛЕУ

2050 жылға дейінгі Қазақстан Республикасының даму стратегиясында үлкен орынды еліміздің мұнай - газ кешені алады. Мұнай өнімдерінің қазіргі қоғамдағы алатын орны өте үлкен. Ғылыми - техникалық дамуды шикізаттың бұл түрінсіз елестетудің өзі қиын. Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты

Жолдауында «Қазақстанның мұнай-газ кешені бүкіл экономика үшін локомотив болып табылады және басқа да салалардың дамуына ықпал етеді» деп атап айтты.[1] Өткен жылдың экономикалық қорытындыларын тізбектей келе былтыр орындалған немесе бастау алған бірқатар тапсырмаларға тоқталды. «Бірінші кезекте «100 нақты қадам» Ұлт Жоспарын жүзеге асыру жұмыстары басталды. Сондай-ақ, оларды іске асырудың заңдық негіздері жасалды. Сөйтіп, ауқымды реформалар басталып кетті. Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асырыла бастаған дәл осы реформалар ел экономикасының драйвері болып табылады. Қазіргі таңда аузын айға білеген алып мемлекеттердің өзінде экономикалық өсім аз, тіпті, керісінше төмен құлдырап жатыр. Ал мұнайдың әлемдік бағасының төмендеуі көптеген елдерге үлкен ауыртпалық әкеліп отырғаны анық. Соған орай, биыл бүкіл әлемде экономикалық өсімнің баяулауы байқалды. Мысалы, Дүниежүзілік банктің осы жаңа жылдан кейінгі болжамдарына сүйенсек, әлемдік экономика өсімі 2,9 % межелеп отыр, бұл өткен жылғыдан 0,4 % - ға төмен.[2] Ал мұнай бағасының әзірге көтерілер түрі көрінбейді. Тіпті әлемдік сарапшылар алдағы уақытта мұнай бағасы 20-25 АҚШ \$ дейін құлдырайтынын айтуда. Осы ретте, көрші елдердің де экономикалық өсімі көңіл көншітпей отырғанын айта кетпесе болмас. Мәселен, Қытай Халық Республикасының халықаралық қоры 2015 жылы рекордтық көрсеткішпен 512,6 млрд. АҚШ \$-дан 3,33 трлн. АҚШ \$-ға дейін қысқарған. Көрші Ресейдің де жағдайы онша емес. Олар қазірдің өзінде мұнай бағасының одан әрі төмендеуіне дайындалып, бюджетті 10 %- ға дейін қысқарту шараларына әзірленуде. Біздің елдің Үкіметі де мұнай бағасының құлдырауына сай бюджет бағдарламасын өзгерткелі отыр.

Мұнай бағасының құлдырауы жағдайындағы экономика дамуының сценарийі мен мемлекеттік бюджетті оңтайландыруға байланысты 2016 жылдың 19 қаңтарда Экономикалық саясат жөніндегі кеңестің отырысы өткен. «Мұнай бағасының қарқынды құлдырауы мен әлемдік нарықтағы келеңсіздіктерді ескере келе, Мемлекет басшысы Үкіметке мұнайдың әлемдік бағасы барреліне 20 АҚШ \$-ға құлдыраған жағдайда да Қазақстан экономикасын дамытудың мүмкін сценарийін әзірлеуді тапсырған болатын. Осынау сценарийлік болжамдар сейсенбі, яғни 19 қаңтар күні Үкімет жанындағы Экономикалық саясат жөніндегі кеңес отырысында қаралды.

Ұлттық экономика министрі Ерболат Досаев өз кезегінде Қазақстан Үкіметі энергия ресурстарына әлемдік бағалардың төмендеуіне байланысты республикалық бюджет параметрлері мен макроэкономикалық көрсеткіштерді қайта қарауға көшкендігін атап өтті. «Біз Қаржы министрлігімен бірлесе отырып бұл жұмысты бастап кеттік. Мемлекеттік кірістер комитеті мұнай бағасының төмендеуіне байланысты мүмкін болатын кірістердің келмеуі бойынша қайта есептеуді бастады. Сондай-ақ, ол Парламентке 2016 жылдың республикалық бюджетінің жобасын ұсынған кезде мұнай баррелінің бағасы 40 АҚШ \$ шамасында қарастырылғанын, бірақ қазір 40 АҚШ \$ артта қалғанын еске салып өтті. Сонымен қатар, министрдің айтуынша, 2014 және 2015 жыл көрсетіп отырғандай, мұнай баррелінің орташа жылдық бағасы 52 АҚШ \$ шамасында болып отыр. Бағаның өзгеруі 35 пен 70 АҚШ \$ аралығында болды. (сурет 1)



Сурет 1. ҚР-нда 2015 жылы мұнай өндіру, мың тонна

2015 жылғы 11 айда мұнай және газ конденсатын өндіру 72 514 мың тоннаны құрады, ол 2014 жылғы аналогты көрсеткіштен 6. 961 мың тоннаға артық. 2015 жылдың қарашасында 6734,9 мың тонна мұнай және газ конденсаты өндірілді, жоспарлық көрсеткіш 6734,9 мың тонна. Жоспарлық көрсеткіш 100,3 %-ға орындалды, ол 23,6 мың тоннаға артық болды. Республика аймағына мұнай мен газдың ірі барланған қорларының болуы шетелдік инвесторлардың табысты қызметі үшін маңызды жағдай болып табылады. Тартылатын инвестициялардың көп бөлігі Қазақстан экономикасының минералды-шикізат секторының дамуына бағытталған [3].

Мемлекеттің бюджетіне түсетін жалпы соманың 79 %-ы мұнай саласының үлесіне тиесілі. Жалпы Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалануға жұмсалған инвестицияның барлық көлемінің 80% шетелдік инвестициялар құрайды. Шетелдік инвестицияларды тарту жаңа технологияларды ендіруге, сонымен қатар менеджмент пен маркетингтің қазіргі кездегі әдістерін ендіруге, инвестициялық салаға жаңа жұмыс орындарын құруға, жергілікті мамандарды үздіксіз оқытуға және нарық жағдайына байланысты олардың біліктіліктерін көтеруге алып келеді. Нәтижесінде, алынған техникалар мен технологиялар отандық тауар өндірушілердің өндірісін қолдауға және ынталандыруға алып келеді. Шетел инвестицияларының басқа қаржылық жұмыстардан бірқатар артықшылығы бар:

Біріншіден, олар халыққа аса қажетті тауарлар мен қызметтерді қаржыландыру қосымша капитал көзі болып табылады; білім, тәжірибе, ноу-хоу, технологиялар, алдыңғы басқару әдістері мен маркетингтік трансфертін қамтамасыз етеді.

Екіншіден, шетел несиелері мен заемдарына қарағанда сыртқы қарыз өсуіне әсер етпей, керісінше оның қайтарылуына ықпал етеді.

Үшіншіден, олар тағыда халықтық жұмыспен қамтылуына, кадрлардың, инженерлердің біліктілігіне де әсер етеді. Мемлекетіміздің халықаралық бәсекелестік қабілеті ел экономикасына тартылған шетел фирмаларының инвестициясы мен оның табиғи байлықты игерудегі орнын анықтайды.

Мұнан шығар қорытынды: жаңа инвестициялардың тартылуы, яғни Қазақстан болашағы ондағы инвесторлар тұтынуының қанағаттану дәрежесіне тәуелді. Инвестициялық қызмет ең жаңа, соңғы ғылыми жаңалықтар мен жетістіктерге негізделуі тиіс, яғни, инвестициялық қызметті арттыру үшін, ең алдымен, тауарлар мен қызметтердің ішкі нарығын қалыптастыру қажет. Бұл тұрақты экономикалық өсімді және тұрақты дамуды қамтамасыз етеді; екіншіден, технологиялық өсу ошақтарын қамтамасыз ету үшін кәсіпорынның инвестициялық тартымдылығын әкімшілік, экономикалық, институционалдық және басқа да шаралардың көмегімен арттыру бойынша жағдайларды қамтамасыз етуіне мүмкіндік береді.

Еліміздің 2012 және 2013 жылдар бойынша берген ЕІТІ есептеріне қарағанда, мемлекеттің шикізат өндіру саласынан түскен табысы, жылдық есепке шаққанда, 30 млрд. доллардан сәл астам болған. Бұның ішінде мұнай мен газдың үлесі 93 % құраған немесе шамамен 28 млрд. АҚШ \$ болған. Өткен 2014 жылы мұнайдың орташа бағасы 2012-2013 жылдардағы көрсеткіштен төмен деңгейде қалыптасты. Ал биыл ол одан да бетер құлдырап жатыр. Яғни биылғы мұнай табысы көлемінің 20 млрд. АҚШ \$-дан да төмен болып шығуы ғажап емес болар. Бұл – бір жағынан алып қарағандағы көрініс. Ал екінші жағынан алып қарағанда, мұнай-газ секторы мемлекетіміздің фискалдық табысының 55 %-ын беретін көрінеді. Қазақстан экспортындағы мұнай мен газ конденсатының үлесі 70 %-ға жетеді екен. [4]

Әлемдік биржаларда мұнайдың баррелінің бағасы 31 АҚШ \$-ға түскен. Сарапшылар биылғы бюджетін «бір баррель мұнай 40 АҚШ \$ болады» деген. Лондон биржасында Brent маркалы мұнайдың бір баррелінің ақпан айына жасалған фьючерстік келісімшарт бойынша бағасы 31 АҚШ \$-ға дейін түсті. Сол күні Қазақстан қор биржасында 1 АҚШ \$-ның бағамы тағы қымбаттап, 367 теңге 61 тиынға жетті. 2016 жылғы бюджетін жасағанда «1 баррель мұнай 40 АҚШ \$ болады, 1 АҚШ \$ 300 теңге болады» деп есептеген. Дегенмен мұнай бағасының төмендеуінің Қазақстан бюджетіне тікелей әсері болмайды. Бюджет мұнай табысына тәуелді емес. Мұнай мен басқа да шикізаттан түсетін табыс ұлттық қорда сақталады. Ұлттық қордан трансферт арқылы бюджетке түседі. Бюджетке трансферт жасалып қойғандықтан тікелей әсері болмайды. Қазақстанда мұнайдың қайта қымбаттайтынына сенетін мамандар да бар. Сарапшылар «мұнай бағасы осы күйі қалса, АҚШ, Қытай, Ресей бәрінің экономикасы күйрейді» деп ойлайды. Өйткені АҚШ-та мұнай өндіру үшін барреліне орта есеппен 36 АҚШ \$ жұмсайды. Сондықтан олар мұнай саласының дамуын қайта қарайды не дүниежүзілік орталықтардың мұнай бағасына әсер етуіне жағдай жасайды деп болжап отыр.

Қазақстанның парламенті «2016-2018 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы заң жобасын» былтыр күзде мақұлдаған. Бюджет 1 баррель мұнайдың бағасы 2016-2017 жылдары – 40 АҚШ \$, 2018 жылы 50 АҚШ \$ болады деген болжамға сүйеніп есептелген. Үш жылдық жоспарда республикалық бюджеттің кірісі (ұлттық қордан келетін трансфертті есептемегенде) 2016 жылы – 3 триллион 665 миллиард 300 миллион теңге, 2017 жылы – 3 триллион 866 миллиард 900 миллион теңге, 2018 жылы – 4 триллион 195 миллиард теңге болатыны жазылған.

«Ұлттық қордан кепілдендірілген трансферттер туралы» заң жобасы бойынша, 2016-2018 жылдардағы кепілді трансферт көлемі, доллардың айырбас бағамы 300 теңгеге сай болады деген болжаммен алғанда, жыл сайын 2 триллион 400 миллиард теңге болмақ.[5]

Қоғамдық саясатты зерттеу орталығы ұйымдастырған дөңгелек үстелде баяндама жасаған Бүкіләлемдік банктің аймақтық кеңсесінің бас экономисі Педро Родригеске парламент депутаты Серікболсын Әбділдин: «ұлттық қорымызда ауыз толтырып айтарлық қаржымыз бола тұра, біз неге сырттан инвестиция тартамыз » деген мәселе туралы сөз қозғады. Мәжіліс мүшесінің сұрағына экономист–маман: «Ертеңгі күнді ешкім болжай алмайды. Қиын-қыстау күнге деп қаржы сақтаған дұрыс. Ал сырттан инвестиция тарту дегеніңіз – мемлекет бюджетіне салық төлеп, қосымша табыс әкелетін шаруа» деп жауап жауап қайтарды. Тағы бір парламент мүшесі Серік Әбдірахманов сол мұнайдан қорға түсіп жатқан табыс мөлшеріне күмән білдірді: Ресей өкіліненен, сіздерде 1 тонна мұнайдан мемлекет пайдасына қанша қаржы түседі» деп сұраған болатын. Ол кісі «әр тоннадан Ресей федерациясы 50 АҚШ \$ » алып отырады деді.[6] Ал бізде, Қазақстанда менің білуімше, осы соңғы жылдарға шейін бар-жоғы 20, тіпті одан да төмен қаржы алынып келді. Мәселен Норвегияда 80 АҚШ \$ түседі екен. ҚР 20 АҚШ \$. Өйткені елімізде мұнайдың қызығын қарапайым халық емес, соны өндірушілер, сосын санаулы лауазым иелері ғана көріп отыр. Сол себептен, еліміздегі нормативтік базаны жетілдіру қажет, әсіресе мұнай-газ саласына қатысты, яғни ұлттық байлық халық арасында әділетті бөлінуі тиіс.

Ұлттық қордың биылғы шілдеде қабылданған жаңа тұжырымдамасына сәйкес, оның барлық табысы тек қана мұнай саласынан түседі екен. Сорос-Қазақстан қорының өкілдері бұл тізімге барлық жерасты қазбаларын пайдаланушыларды кіргізуді ұсынады. Ұлттық қордың табысы болып, шикізат өндіру саласындағы, оның ішінде, мұнай өнеркәсібінен түскен табыс және одан түскен салық төлемдері саналады. Норвегияда мұнай саласынан түскен пайданың 80 %-ы ұлттық Мұнай қорына құйылады екен. Ал Қазақстанда бұл көрсеткіш 18 % ғана құрайды.

Нұрсұлтан Назарбаев сондай-ақ, Ұлттық банктің бағалауы бойынша, Қазақстан экспорты бірінші жартыжылдықта 73 %-ға азайғанын тілге тиек етті. «Біз қазірдің өзінде кәсіпорындарымыздың бәсеке қабілетінің төмендеп, табыстарының азайғанын көріп отырмыз. Бұл жағдай кәсіпорындарда жұмыспен қамтылған еңбеккерлерге әсер етуде. «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының ақпаратына сәйкес, көптеген кәсіпорындардың Ресейге экспорты төмендеп кеткен. Бұған қоса, олардың Қазақстан нарығындағы өнімдерін ресейлік өндірушілер тықсыра бастады», деді Мемлекет басшысы. Қазақстан Президенті Кентау трансформатор зауытын мысалға келтірді, оның Ресейге экспорттайтын өнімдері 47 пайызға қысқарған. Кәсіпорын 50 жұмысшыны жұмыстан босатқан, ал мемлекетке 30 миллион теңгенің салығы төленбеген. Алматы ашытқы зауыты өндіріс көлемін 50 %-ға азайтқан, ал кәсіпорынның шығыны 30 миллион теңгеге жеткен. Алматы желдеткіш зауыты өндірісін 47 %-ға төмендетіп, жұмысшылардың 20 %-ын қысқартқан. «Бұл – Қазақстан бойынша өте көп мысалдардың бір парасы ғана. Осының нәтижесінде жұмыспен қамту, еңбекақы төлеу жайы нашарлауда. 2015 жылы бюджетке түспей қалатын табыс 264 миллиард теңге көлемінде бағаланып отыр. Сондықтан біз әлеуметтік саладан басқа шығыстардың көбін қысқартуға мәжбүрміз», деді Нұрсұлтан Назарбаев. Соңғы 20 жылда Қазақстанның мұнай және газ кешені елдің экономикалық өсу қарқынының басты қолдаушы күші ретінде танылған. Бұл жылдары мұнай өндіру ауқымы 3 еседен, газ өндіру - 5 еседен астам өсті. Көмірсутегі өнімдерінің транзиті мен тасымалының ауқымды жүйесі қалыптасып, іске қосылды. Әлемнің 30-дан астам еліне экспорт тасымалы жүзеге асырылып, мұнай-газ химиясы мен өңдеу салалары дамып келеді. Мұнай және газ саласы Қазақстан экономикасындағы шетел инвестициясының шамамен 2/3-ін топтастырады, сонымен қатар, экспорттың 70%-ын және Ұлттық қордағы түсімдердің 99%-ын қамтамасыз етеді. Айтқандай-ақ, соңғы жылдары «келер ұрпаққа» арналған қордағы түсімдердің ауқымы жыл сайын 20 млрд АҚШ \$-нан асады. Оның сыртында, Қазақстанның мұнай және газ секторы мемлекет ішіндегі әлеуметтік-экономикалық реформалардың дінгегі болып қана қоймай, мұнай өндірісінің қарқынын өсіру әлеуеті елеулі деп танылған елдердің шектеулі тізіміне де кіреді. Қазақстандағы мұнайлы және газды өңірлер ел аумағының 62%-ын алып жатыр.

«Біздің интеграциялық саясатымыз өте дұрыс. Қазақстанда экономика көлемі бойынша да, халық саны бойынша да нарық жеткіліксіздігі сезіледі. Бізге өзге де нарықтар керек. Біз үшін Ресей мен Қытай үлкен нарық. Біз ЕАЭО құрамындамыз. Бизнес нарықтық жағдайға қарайды. Ең басты мүмкіндік ол – бәсекеге қабілеттілік. Біз 1 қаңтардан бастап ДСҰ-ның мүшесіміз. Ол жерде бәсеке мүлде қатаң. Ештеңеден қорықпай, бәсекеге қабілетті деңгейге шығу керек», деді Мемлекет басшысы. [7]

Жалпы алғанда, 2015 жылдың экономикалық даму қорытындылары әлемдегі қиындықтарға қарамастан, еліміз еңсесін түсірмей, қайта өсіммен жоғары өрлегенін алға тартты. Ал алдағы жылдың ауыртпалығы биылғыдан да басым болатыны жөнінде болжамдар айтылуда. Алайда, біздің Үкімет ол жағдайдан да жақсылықпен шығатын жоспарларын әзірлеп жатыр.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан-2050» Стратегиясы Жолдауы. 2015 жылғы 30 қараша.
2. <http://egemen.kz/2016/01/16/>
3. <http://www.rusnauka.com>
4. «Экономика» республикалық апталық газеті // <http://economics.kazgazeta.kz/> /2015/12/24
5. http://www.azattyq.kz/content/kazakhstan_economy_budget_financialforecast_oil_price_falls/27483663.html
6. <http://www.azattyq.mobi/a/1153848.html>
7. «Егемен Қазақстан» 21 тамыз, 2015 жыл

Соколова А.А., колледж экономика, бизнеса и права КЭУК, отделение экономики, студентка гр. У-32

(Научный руководитель – магистр экономических наук, преподаватель **Кирпан О.Н.**)

ПЕНСИОННАЯ СИСТЕМА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН, КАКОЙ ЕЙ БЫТЬ ЗАВТРА

Для многих жителей на данный момент волнующей темой является - пенсия. Для большинства людей старшего возраста это единственный источник дохода. Для людей старшего возраста – это их «ближайшее будущее». Нынешняя молодежь тоже очень интересуется механизмами формирования пенсии.

Пенсионная система осуществляется при модернизации сохранении многоуровневой системы пенсионного обеспечения. Каждый гражданин лично отвечает за свое будущее пенсионное обеспечение. [1, с.7]. Эти преобразования осуществляются в интересах каждого казахстанца, предполагая разделение ответственности за надлежащее обеспечение при наступлении пенсионного возраста между государством, работодателями и работниками.

На сегодняшний день происходит модернизация пенсионной системы в Казахстане, с изменением макроэкономических условий за время ее существования и предстоящими изменениями в системе пенсионного обеспечения, связанными со сворачиванием солидарной компоненты (уменьшение трудового стажа на 01.01.1998 г.). В связи с убыванием трудового стажа, накопленного на 1 января 1998 года, постепенно будут снижаться размеры пенсионных выплат. Это значит, что, для вновь входящих в систему пенсионеров размер пенсии к 2030 году значительно снизится [2].

Имеются результаты модернизации первого этапа:

–был образован ЕНПФ, завершена работа по консолидации в нем пенсионных активов. При этом сохраняются обязательства государства по гарантии сохранности пенсионных накоплений (по состоянию на 1 июля т.г. активы ЕНПФ составили 4922,2 млрд. тенге).

С 1 января 2014 года введены:

–для тех женщин, которые находятся в декретном отпуске по уходу за ребенком до достижения им одного года, осуществляются субсидирование обязательных пенсионных взносов;

–за счет средств работодателей в пользу работников, занятых во вредных (особо вредных) условиях труда, 5% обязательные профессиональные пенсионные взносы (ОППВ);

–поэтапно будет повышаться пенсионный возраст женщин. Это будет в период с 2018 по 2027 годы, в течение 10 лет по 6 месяцев ежегодно.

Например, женщина, родившаяся 1 января 1960 года, сможет выйти на пенсию 1 июля 2018 года, то есть по достижении 58,5 лет. Если женщина родилась 1 июля 1960 года, ее пенсионный возраст составит уже 59 лет, так как на дату достижения ею возраста 58,5 лет (на 1 января 2019 года) законодательством общеустановленный пенсионный возраст предусмотрен уже 59 лет.

Все пенсионеры нашей Республики, независимо от их трудового стажа работы, получают одинаковую пенсию – 11182 тенге.

При этом в стаж будет включаться стаж, выработанный в солидарной системе (трудовой стаж на 1 января 1998 года), а также периоды, за которые уплачивались пенсионные взносы (фактический стаж уплаты пенсионных взносов). [3].